

Астана қаласында салынып жатқан 240 төсектік аурухана кешенінің мүмкіндігін кеңейту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 маусым N 795

Астана қаласындағы 240 төсектік аурухана кешенінің жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейту және уақытында іске қосу және одан әрі тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен экономикалық сараптама жүргізсін және қорытындысын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.20. N 1014 қаулысымен. Р 9 9 1 0 1 4 _

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Societe Generale London компаниясы мен Қазақстан Республикасы арасында 1997 жылғы 22 мамырда қол қойылған, Қаржы министрлігі арқылы іске асырылатын Заем туралы келісімге сәйкес тартылған заем бойынша борыштың негізгі сомасын Қазақстан Республикасының өтеуіне 2001 жылға дейін мұрсат беру мәселесін шешу жөніндегі міндеттеме туралы "Фитцпатрик" фирмасының (Ұлыбритания) ұсынысын ескере отырып, заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) несие беруші - Societe Generale Londonмен 796,32 миллион жапон иені сомасында қосымша сыртқы заем тарту туралы келіссөз жүргізсін;

2) қосымша тартылатын сыртқы заемның қаржылық шарттары бойынша қорытынды дайындасын, ресімдеп және осы сыртқы заем жөніндегі қажетті құжаттарды ресімдесін және қол қойсын;

3) Societe Generale Londonмен келіссөз жүргізсін және 1997 жылғы 22 мамырда қол қойылған Заем туралы келісімге заем бойынша борыштың негізгі сомасын Қазақстан Республикасының өтеуіне 2001 жылға дейін мұрсат беру жөнінде тиісті қосымшалар мен өзгерістер енгізсін және қажетті құжаттарға қол қойсын;

4) 2000 жылдан бастап республикалық бюджетте қосымша тартылатын заемға қызмет көрсету үшін тиісті шығыстарды, ал 2001 жылдан бастап Societe Generale London компаниясы мен Қазақстан Республикасы арасында 1997 жылғы 22 мамырда қол қойылған, Қаржы министрлігі арқылы іске асырылатын Заем туралы келісімге сәйкес тартылған заемды және осы қаулыға сәйкес қосымша тартылған заемды өтеу үшін тиісті шығыстарды қарастырсын;

5) қосымша тартылған заемның тіркелуін, мониторингін және іске асырылуын

бақылаумен, оны өтеу мен қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.
ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.20. N 1014
қаулысымен. Р 9 9 1 0 1 4 _

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі:

1) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын;

2) Астана қаласындағы 240 төсектік аурухана кешенін салудың барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын хабарлап отырсын;

3) 1999 жылдың 1 шілдесінен бастап "Республикалық клиникалар мен ҒЗИ-тары арнаулы медициналық көмек" 65 бағдарламасының "Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми-зерттеу институттарының республикалық клиникаларында халыққа арнаулы медициналық көмек көрсету" 31 кіші бағдарламасы бойынша 1999 жылға арналған республикалық бюджетте

қарастырылған қаражаттың шегінде аурухана кешенін қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.